

Исабек Ишан Хазреттің кесенесі кешені



Исабек Ишан Хазреттің кесенесі кешені Екібастұз ауылды аймағының Қылдыкөл шатқалында (орналасқан жері Екібастұз қ. Ақкөл ауылы) салынған. построен в урочище Кылдыколь Экибастузской сельской зоны. Хазірет Исабек Ишан - алғаш ислам миссионерлерінің ұрпағы, философ, Мәшһүр Жүсіптің ағартушысы және тәлімгері. Сәулет ансамбліақ тастан қаланған екі кесене мен мешіттен, сонымен бірге қажылыққа келген адамдарға арналған үйден тұрады.

XIX ғасырдың басында Исабек Ишан Ақкөл-жайылмасында медресе ашқан, мешіт салған. Оның бастауымен он шақты Баянауыл аймағының діндарлары Меккеге алғаш рет қажылыққа сапар шекті. Исабек Ишанды бүкіл Сарыарқа жаппай сыйлап құрметтеді. Исабек Ишанды асыға көру үшін, хазретке бас иіп сәлем беру үшін жан-жақтан адамдар толассыз ағылды. Халық арасында әулиенің ғажап мүмкіндіктері туралы аңыздары кең таралған.

Үш күмбезді мазарда Исабек Ишанның өзі, жалғыз ұлы Нұрмұхамед және кіші інісі Мұхамед Нияз жерленген.

Бір күмбезді мазар Исабек Ишан ұрпағы әулие Жандарбек қожа жерленген жерде бой көтерді. Екі мазар да ақ тастан қаланған, биіктігі тоғыз және жеті

метр. Осы бес вагон табиғи материалы Маңғыстау облысынан әкелінді. Әулиелердің рухани қуатын сақтап қалу үшін мешітті қырық күн ішінде Исабек Ишанның және Жандарбек қожаның бұрынғы мазарларының қайта өңделген материалдарымен көтерген.